

Бекітемін:

Мектеп директоры:

Ж.Нұрымбет

Келісемін:

ДТЖО:

М.Әділхан

«Ауғанның отты жылдары»

Мақсаты:

Тарих қоржынының бір басында жатқан, Ауған соғысы туралы оқушыларға мағлұмат беру, патриоттық рухы жоғары, қайсар, жауынгер ағалар ерлігін үлгі ету. Ауған соғысында опат болған боздақтар рухына тағзым етуге, есімдерін мәңгі құрметтеуге тәрбиелеу.

Түрі : Естеліктер кеші

Өтілетін орны: АКТ зал

Көрнекілігі: Ауған соғысы жайлы деректі.

Барысы:

Күй «Тепеңкөк»

1 жүргізуші:

Қазақстан – көк байрақты нұр едің,
Сен дегенде лүпілдейді жүрегім,
Өзің менің қуанышым, бақытым,
Өзің менің мақтанышым, тірегім.
Қыран құсым көк аспанда самсаған,
Желбіресін көк байрағым сан ғасыр.
Жас ұландар, берік ұста туыңды,
Жарқыратып т уған елдің таңбасын.

- Сәлеметсіздер ме, қымбатты ұстаздар, оқушылар және кешіміздің бүгінгі қонақтары! Бүгінгі мерекелік сазды бағдарламаны ашып беру үшін мектеп директоры Жалғас Нұрымбет Жүнісұлына ағайымызды ортаға шақырамаз.

2-күн

Еліміздің Ата заңы – Конституциясының 36- бабында «ҚР қорғау – оның әрбір азаматының қасиетті парызы мен міндеті» деп атап көрсетілген. Отанның лайықты қорғаушысы болу – күрделі іс, сондықтан әрбір жасөспірім мектеп қабырғасынан бастап, өзін әскери қызметке дайындауға, өз Отаны – Қазақстан Республикасы мен оның халқы алдында азаматтық жауапкершілігін кәміл ұсынуы тиіс. Осы мақсатта жастарды Қазақстандық патриотизмге баулу Қарулы Күштерге деген сүйіспеншілік, әскери борышты мүлтіксіз орындауға әзірлік рухында тәрбиелеуге бағытталған.

«Патриотизмның маңызды элементтерінің бірі – онымен етене

1- байланысып жатқан ұлттың ішіндегі жеке адамның асыл белгісі мен қасиеті – өз халқына деген сүйіспеншілігі» деп Бауыржан Момышұлы патриотизмнің мәні мен мазмұнын ашып көрсетті. Ақпан айының 15- жұлдызында Кеңес әскерлері шектеулі контингентінің Ауғаныстан Демократиялық Республикасынан шыққанына 33 жыл толды. Кеңес Одағы басшысының қаулысымен олар Ауған халқы алдында интернационалдық борыштарын

өтеді. Ұрыста қаза тапқан жауынгерлердің ерліктерін есімізде мәңгі сақтау қасиетті борышымыз. Оларды ұмытпас үшін естеліктер айтылып, ескерткіштер орнатылып, мәңгілік алаулар жағылады. Осы дәстір біздің Қазақстанда да сақталған. Соғыстың адам баласына әкелер зардабы мен қасіреті шексіз екені бәрімізге аян. «Отан үшін өз өмірлерін құрбан етіп, ерліктің үлгісін көрсеткен барлық кезеңдегі қаһарман жауынгерлер есімі ұмытылған емес. Солардың ішінде ауған жауынгерлерінің ерліктерін ұмытпау өскелең ұрпақтың қасиетті міндеті».

Жылдар өткенімен жауынгерлеріміздің өшпес ерлігі ел есінде сақталуда. Осыған орай, бүгін ұйымдастырылып отырған мектепішілік шарамыздан оқушылар ғибраты мол ақпарат алады деп үміттенеміз.

Отан алдындағы қасиетті борышы мен парызын ерлікпен, батылдықпен атқарған және Ауған соғысында қаза тапқан ержүрек, әрі батыл қаһарман жауынгер ағаларымызды 1 минут үнсіздікпен еске алайық.

2 жүргізуші:

Армысың, Ауғандық жауынгерлер,
Жырым бар жараланған жаныңды емдер.

Өлгендердің жәннатта болсын жаны,

Тірілерің мың жаса, дәуірлендер – демекші ендігі кезекті 10 сынып оқушысы Халбай Ғазизаның орындауында «**Туған жер**» әнін қабыл алыңыздар.

Әке

1 жүргізуші:

«Тағдырын білем ауған даласының»

Қан майданда қан аққан бұлақтардан,

Қанды кешіп жүреді алда ерлер.

Міне, бүгін сіздерге жыр ақтарам,

Ассалаумағалейкум, ардагерлер!

Соқыр билік тұсында сумаң қаққан,

Соғыстар аз болғандай ғасыр дерті.

Ауғанның көк аспанын тұмандатқан.

2 жүргізуші:

Сұрапыл майдан бопты қасіретті.

Дұшпан мен бетпе – бет көп шайқастарда,

Жасқанып шегінбеген, тайсалмаған,

Отан үшін бас тігіп айқасқанда,

Оққа ұшты қанша қазақ қайсар балаң.

Тастаған енді ер жетер шақта қырып,

Кектерін олар үшін заман алар.

Кебенек киген ұлын аттандырып,

1 жүргізуші:

Қабірін құшып қалған аналар бар.

Ешбір қауіп отаныма төнбесін,

Шамшырағы еш отаудың сөнбесін.

Берік болсын керегесі елімнің,

Жас ұрпағым мұндай соғыс көрмесін

Ән «**Туған ел**» орындайтын Әбдіш Ғалымжанды қабыл алыңыздар.

кн

2 жүргізуші:

2- Ауғаныстан туралы не білеміз? Мұсылман мемлекетінің жағдайы туралы хабардарсыздар ма? 1978 жылы сәуір төңкерісінен басталған елдегі ахуал ізін соғысқа әкеп соқтырды. Оған кім кінәлі? Отан алдындағы борышын ақтаған жауынгерлер ме, әлде саяси басшылық па? Тарих беттеріне үңілсек...

Назарларыңызға Ауған соғысы туралы бейне фильмді тамашалаңыздар .

1 жүргізуші:

«Ауған ақиқаты» баяндамасы

Жылма – жыл ақпан айының ортасында біз ауған соғысында қаза тапқан жауынгерлерді еске алып, олардың рухтарының алдында бас иеміз. Өйткені бұл соғыста 18-19 жасар өрімдей жас жігіттер жазықсыздан – жазықсыз құрбан болды. Бүгінгі жастар өздеріндей жігіттердің Отан алдындағы борышын адал орындағандарын ұқсын, олардың патриоттық сезімінен тағылым алсын деген ниетпен көрмелер ұйымдастырылып, көз көргендермен кездесулер өткіземіз, сол бір сұрапыл соғыс болған XX ғасырдың 80-жылдарына еріксіз ораламыз.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың ауған соғысы туралы: «Ауған соғысында қыруар қаржы жығындадық, мыңдаған өмір қиылды, бәрі бір кеңес әскеріне бұл елді тастап шығуға тура келді. Халық үшін бұдан асқан қасірет бар ма? Бұл ұтылыс жоғарғы әскери команданың белгілі бір білігін мықтап ойлантты» - деген ойлы сөзі бар. Биыл ауған соғысының аяқталғанына 26 жыл толып отырғанда бұл соғысты қалай басталғанына зер салсақ...

1978 жылы Ауғаныстанда сәуір айында төңкеріс болып, оның арты аяқталмас соғысқа айналды. Бұл қасірет елдің тек өз ішінде ғана емес, оған сырт мемлекеттердің қатысуымен де ұзаққа созылды. 1979 жылы кеңес әскерлерінің шектеулі контингенті Ауғаныстанға кіріп, 10 жылға жуық соғыс жүргізді. Оған әр елден, сондай-ақ 22 мың қазақстандық қатысты.

Ауған соғысы – КСРО қарулы Күштерінің Ауғаныстанға басып кіріп, оның ішкі істеріне қол сұғуы салдарынан тұтанған соғыс. КОКП мен КСРО басшылығы Ауғаныстандағы 1978 жылғы сәуір төңкерісі нәтижесінде билікке келген халықтың – демократиялық өкіметті қолдап, көршіліес елдің социалистік бағытпен дамуын көздеп, интернационалдық әскери жәрдем береміз деген желеумен оның ішкі істеріне араласты. Бұл «қырғиқабақ соғыс» кезеңі өткеннен кейінгі уақытта да КСРО-ның өзге елдерді өз ықпалына қарату саясатының айқын көрінісі еді. 1965 жылы қаңтарда Ауғанстанда Кеңес Одағы Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті тыңшыларының қатысуымен жартылай астыртын қызмет атқарған Ауғанстан халықтық-демократиялық партиясы құрылып, біраздан соң екіге бөлінген. «Халық» тобын Н.М.Тараки, Х.Амин, ал «Парчам» тобын Б.Кармаль басқарды.

1977 жылы мамырда Мәскеудің нұсқауымен АХДП-ның екі тобы ыбірігіп, астыртын қимылдарын ұлғайта түсті. Мұхамед Дауд үкіметі АХДП-ға қысым жасап 1978 жылы қамауға алды. Ертесіне Кабулдағы әскери күші көтеріліп, Дауд бала-шағасымен қазаға ұшырады. Сөйтіп, Ауғанстанда АХДП билігі орнады. Жаңа өкімет КСРО-ның айтқанынан шықпай, бірден

социализм негізін қалауға кірісті. Жер реформасын енгізу, діндарларды қудалау, ағарту саласындағы өзгерістер, кеңестік мамандарды көбірек пайдалану, жергілікті көшпелі тайпалардың әдет-ғұрпымен, салт-мүддесімен санаспау, т.б. бұқара халықтың наразылығын тудырды. 1978 жылы қазанда ірі қарулы қарсылықтар басталды. Ауған үкіметі КСРО-мен достық, тату көршілік және ынтымақтастық туралы шартқа отырып, Мәскеуге арқа сүйеді.

1979 жылы ақырында 26 уәлаятта 18 көтеріліс өрті лаулады. Сондай жағдайда АХДП басшылары өзара тартысып, Кармаль тобы жеңіліп (1978 ж шілде-тамыз) оның өзінде Чехославакияға елші етіп жіберді. Келесі жылы құрқиекте Тараки Аминнің қолынан қаза тауып, АХДП мен мемлекет басына Амин отырды. Бұл жағдайда Мәскеу өз мүддесіне қауіп ретінде қабылдады. КСРО МҚК Аминді қызметінен шеттетіп, «Парчамшылдарды» билікке әкелуге әрекеттенді. 1979 жылы 8 желтоқсанда КОКП бас хатшысы Л.И.Брежнев кабинетінде мәжіліс болып, оған КОКП ОК Саяси Бюросының шағын тобы: Ю.Андропов, А.Громыка, М.Суслов және Д.Устинов қатысты. Олар Ауғаныстан төңірегіндегі қалыптасқан жағдайларды талдай келіп, екі вариантпен жұмыс істеуге шешті.

1979 жылың 10 желтоқсанында КСРО Қорғаныс Министрі Д.Ф.Устинов Бас штабының бастығы Н.В.Огарковтың өзіне шақырып алып, оған Саяси Бюро Ауғанстанға кеңес әскерлерін уақытша енгізу үшін алдын ала шешім қабылдағанын айтып, шамамен 78-80 мың адамды дайындау тапсырмасын берді. Н.В.Огарков бұл тапсырманы таңдана тыңдап, 75 мың адам ондағы жағдайды тұрақтандыра алмайтынын, бұл ақылға сыймайтын іс екенін айтты. Министр оны тез тоқтатып, «Сіз не, саяси бюроны оқытпақшысыз ба? Сізге тек бұйрықты орындау тапсырылды»- деді.

Осы күні КСРО ҚМ-нің Бас штаб бастығы Н.В.Огарков тез арада Л.И.Брежневтің кабинетіне шақырылды. Онда «Саяси Бюро» деп аталатындар жиналды. Бас штабтың бастығы ауғандық мәселені күш қолдану арқылы емес, саяси жолмен шешу керек екендігін қатысып отырғандарға қайта түсіндіріп бағуға тырысты. Саяси Бюроның бұлкездегі шешімі Н.В.Огарковтың ғана емес, оның бірінші орынбасары С.Ф.Ахромеевтің де және Бас оперативті басқарма бастығы В.И.Варенниковтың кеңес әскерлерін Ауғанстанға енгізу жөніндегі ынтасын тудырмады. Олар мұндай қадам жасауға тек саяси көзқараспен ғана қарап қоймай, терең ойлана қарады. Вьетнамдағы АҚШ интервенциясы мысалға алынды. Бірақ Кремль көсемдері әскери маман кадрлардың уәждерін құлақтарына да ілмеді.

Соңғы саяси шешім желтоқсанның 12-і күні түс ауа шағын ғана кеңес басшыларының тобымен шешілді. Онда Брежнев, Суслов, Андропов, Устинов, Громыко болды. Косыгиннің кейбір естелік жазбаларына көз тастасақ, ол болмағанын, бұл уақытта ол сырқаттанып жатқанын жазыпты. Осылайша жағдай КОКП ОК саяси бюросының толық мүшелерінсіз шешілді.

Сөйтіп, 1979 жылы 25 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғанстан шекарасынан өтіп, онда 1989 жыл 15 ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді. Командирлер: «бұл қысқа мерзімдік акция, тапсырманы орындаймыз да кетеміз», - деді. Ал бірақ «акция» тоғыз жылдан астам уақытқа созылды. Оған 22 мың қазақстандық қатысты.

тапты, 434 азамат мүгедек болып оралды, 21 адам хабарсыз кетті. Осы өзіміздің ауданымыздан 69 азаматымыз қатысып 2-і қаза тапты. Олар Оразбеков Мұхтар және Султанқараев Темерян Акрамович.

Қорыта айтқанда, Ауған соғысында қаза болған, елге оралған азаматтар Отан бұйырған, әскери антын адал орындады. Олар мәңгі бізбен бірге.

2 жүргізуші:

Жаксының еңбек десе жаны күлер,
Бағанды жаста, кәрі, бәрі білер .
Бас қосу құтты болсын ер ағалар,
Мерекең құтты болсын асыл ерлер .
Елі үшін , ерлік туын желбіреттің,
Жанарын талай жанның мөлдіреттің
Көк туым көк аспанда қорған болып,
Жүрегін қазағымның елжіреттің.
Келесі кезекте **Көркем сөз ұжымын қарсы алыңыздар!**

1 жүргізуші:

Соғыс бітті, жауынгер келді әскерден,
Еске алады сол бір күнді өртте өткен.
Сол соғыста қайтпай қалған қайсардың
Жаны бірге тірі келген, ерлермен.
Алдарыңызда «**Балдаурен**» би тобы!

2 жүргізуші:

33 жыл-бейбіт көктем таң атқалы,
33 жыл-шуақты күн таратты әнін
Талай құс содан бері қайта оралды,
Талай бақ әлеміне қайта оранды.
Соғыста өлгендер тек оралмайды,
Тек ұрпақ олар жайлы айтады әнді.
Ән «**Отан**» орындайтын Халбай Ақбаянды қабыл алыңыздар!

1 жүргізуші:

Құрметті ұстаздар, оқушылар бүгінгі кешімізді қорытындылау үшін Ауған соғысының ардагерлері, кешіміздің құрметті қонақтарына сөз кезегін береміз.

Дайындаған:

Б.Туреев